

Білім беру ұйымы	№46 «Балбұлақ» бөбекжайы				
Топ/сынып	№14 Мектепалды топ				
Балалардың жасы	5-6 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні	Батырова Мөлдір Қарағұлқызы				
Жоспардың құрылу кезеңі	01.09. - 02.09.2022 ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка)				
Ата-аналармен әңгімелесу.	Әңгімелесу: "Балабақшаның ережелері", "Баланың тазалығы".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)				"Асхана бойынша кезекшілік". Мақсат-міндеттері. Балаларды кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауды үйрету. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)	"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп". (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттері. Балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауды үйрету: (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)
Таңертеңгі жаттығу	Педагог балалардың назарын өзіне аударып: - Балалар, енді тақтадағы суретке қарап, жаттығуларды бірге орындайық! «Би». Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқты қатар қояды, орамал ұстаған қол төменде. 1 - қолдарын жоғары көтеріп, орамалдарын желпу. 2 - бастапқы қалыпқа келу. 3 - орамалмен айналып билеу. 4 - бастапқы қалыпқа келу. - «Биші қыз». Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқты қатар қою. 1 - қолды жоғары көтеру, бір аяқтың ұшымен тұру. 2 - бастапқы қалыпқа келу. - «Паровоз». Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқ қатар қойылады, жұппен тұру. 1 - сызық бойымен бір-біріне қарсы жүру. 2 - сызық ортасына келгенде тарап кету. 3 - бастапқы қалыпқа келу. - «Қарлығаш». Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқты қатар қояды, қол төменде. 1 - екі қолды екі қапталға жаю. 2 - бір аяқты артқа созу, қарлығашты бейнелеу. 3 - бастапқы қалыпқа келу. - «Іздер». Бастапқы қалып: қол белде, аяқтың арасы сәл алшақ болады. 1 - аяқтарын біріктіріп, орындарында оң жаққа бір ізбен жүру. 2 - аяқтарын біріктіріп, орындарында сол жаққа бір ізбен жүру.				

	<p>3 - бастапқы қалыпқа келу. - «Аққұтан». Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқ қатар қойылады, қол төменде. 1 - бір аяқпен тұру, қолмен тізеге дейін бүгілген сол аяқты ұстау. 2 - бастапқы қалыпқа келу. 3 - бір аяқпен тұру, қолмен тізеге дейін бүгілген оң аяқты ұстау. 4 - бастапқы қалыпқа келу - «Достар». Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқты қатар қояды, жұппен тұрады. 1 - жұптар қол ұтасады. 2 - жұптасып айналу. 3 - бастапқы қалыпқа келу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)</p>				
Таңғы ас	<p>Балалардың беті-қолын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық				<p>«Балабақша» тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Балабақшада өзін-өзі дұрыс ұстау ережелері туралы әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет				<p>Сауат ашу негіздері "Дыбыс және әріп". Мақсат-міндеттері. Оқушыларды сөздің құрылымын, әріптер мен дыбыстардың ерекшелігін ажыратуды үйрету. Музыка "Білімнің - бұлағың" Мақсат-міндеттері. Балаларға күйді тыңдай отырып, сыр-сипатын ажырата білуді үйрету. Көркем әдебиет "Ш. Шаяхметов «Білімнің - бұлағың» (өлеңімен танысу)" Мақсат-міндеттері. Балабақшаға, мектепке барған балалардың қуанышты сәттерін әңгімелеу. Қазақ тілі Жетекші жоспарымен Вариативтік компонент: Би</p>	<p>Математика негізі "Мен және менің достарым". Мақсат-міндеттері. Балаларды сандар жолағымен таныстыру, Сөйлеуді дамыту "Біздің балабақша тақырыбында әңгімелесу". Мақсат-міндеттері. "Біздің балабақша" тақырыбында әңгімелесу, Дене шынықтыру "Тақтайшаның үстімен адымдап жүру". Мақсат-міндеттері. Балаларға тақтайшаның үстінен аяқтың ұшымен және өкшемен адымдап жүруді үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру "Күз келді балабақшама!" Мақсат-міндеттері. Балалардың жанды және жансыз табиғат нысандары жөнінде негізгі ұғымдарын кеңейту;</p>
Серуенге дайындық	<p>Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				
Серуен				<p>Күнді бақылауды жалғастыру. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Серуендеуге, күнге қызығушылықты ынталандыру. "Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; "Кеглиді қағып ал" жаттығуы. (дене</p>	<p>Аспанды бақылау. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балаларға аспанның әсемдігін көруге бейімдеу; "Не жөнінде айтылады?" ойыны. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Сын-сипаты бойынша табиғат құбылысын шеше білуге машықтандару (жарқырайды, аспан, бұлыңғыр найзағай ойнайды).</p>

				<p>шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Допты тура бағытта домалатып, алшақта тұрған кеглиді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу. Еңбек тапсырмасы: ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары.</p>	<p>"Доппен лапта ойнау" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Екі топқа бөлінуді үйрету, ойыншыларға допты лақтыру, ойын тәртібін (сызықты баспай) сақтай отырып; қозғалыс тепе-теңдігін дамыту. Еңбек әрекеті: құрап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен). (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына баулу. Құралдары: қолғаптар, қаптар. Педагог балалардың шөптерге аллергиясын ескеру керек. Балалардың еркін ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға ойын тақырыбын өз бетінше таңдауды үйрету.</p>
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.				
Бірге-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Ауа ванналары. Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға қызықтыру. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>"Не естігенінді айт?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Жауаптарда толық сөйлемдерді қолдануды үйрету; Мақсат-міндеттері. Балалар жазушыларына қызығушылықтарын ояту. Ертегі кейіпкерінің рөлін қабылдау қабілетін дамыту.</p> <p>"Табиғат және адам" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың адамның не істейтіні, табиғат адамға не беретіні туралы білімдерін бекіту және жүйелеу.</p> <p>"Жер, су, ауа" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға берілген тапсырманың жауабын жылдам табуды үйрету. Қоршаған ортаға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Тапқыр, шапшаң болуды үйрету.</p>				
Балалармен жеке жұмыс				<p>"Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Сөздік қорларын ойыншық атауларымен толықтыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қазақ тілі)</p>	<p>"Менің әжем" тақырыбында әңгімелесу. Мақсат-міндеттері. Баланың сөздік қорын туыстық атауларды білдіретін жаңа сөздермен толықтыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қазақ тілі)</p>
Серуенге дайындық	Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, дене шынықтыру)				

Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар)
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі) Сюжетті-рөлдік ойындар. Театрлық қойылымдар. Көлеңке театры. Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Өнер бұрышында білім тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті) Арт-терапиялық суреттерді бояу. Шығармашылық уақыты: "Қала көшесі" . Мақсат-міндеттері. Балалардың түрлі материалдардан (лего, құм) құрылыс жасауға құштарлығын жетілдіру. Еркін ойындар.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Ата-аналар кеңесін сайлау және оның жұмысын жоспарлау. Ата-аналарға кеңес. "Баланың белсенділігі — денсаулық кепілі".

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: МКҚК №46 «Балбұлақ» бөбекжайы

Топ: №14 мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 05.09 - 09.09.2022ж.

Педагогтың аты-жөні: Батырова М.К

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				
Ата-аналармен әңгімелесу.	Ата-аналармен балалардың күн тәртібі туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Ұйымдастырылған іс-әрекетіне арналған жабдықтар мен материалдарды дайындаймыз". Мақсат-міндеттері. Тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін дамыту.	"Бөлме өсімдіктерін суғару". Мақсат-міндеттері. Өсімдіктердің жарық пен ылғалға қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту.	"Орындықтарды жуу". Мақсат-міндеттері. Балаларға тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуді, топтық бөлмедегі орындықтарды таза ұстауды үйрету.	"Ойыннан кейін топта тәртіп орнату". Мақсат-міндеттері. Балалардың тәртіпке саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды жинастыру әдетін қалыптастыру.	"Ойыншықтарды тәртіпке келтіру". Мақсат-міндеттері. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау:
	Үстел үсті ойыны. "Бұл үйде кімдер тұрады?" Мақсат-міндеттері. Балалардың сөздік қорын арттыру, еске сақтауды дамыту.	Дидактикалық ойын: «Мейірімділік жібі» Міндеттер: Балалар бір - бірлеріне тілектер айта біледі	Үстел үсті ойыны. "Лото". Мақсат-міндеттері. Балалардың зейінін дамыту.	Фотосуреттерді қарастыру. «Менің отбасым». Фотосуретте бейнеленген өздерінің отбасы туралы әңгімелеу.	Құрылыс ойындары «Үй құрастырамыз». Мақсат-міндеттері. Балалардың қиялын, зейінін, отбасына сүйіспеншілігін арттыру.

Таңертеңгі жаттығу	<p>Таңертеңгі жаттығу Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау.</p> <p>1. Таяқшаны алға созу. 2. Оң қолды төмен түсіріп, сол қолдағы таяқшаны тігінен ұстап, жоғары көтеру. 3. Таяқшаны алдыға созып ұстау. 4. Сол қолды төмен түсіріп, таяқшаны оң қолға ауыстырып, таяқшаны жоғары көтеру. 5. Таяқшаны алдыға созып ұстау.</p> <p>6. Бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгіп, таяқшаны кеуде тұсына ұстау. 1-2 алға иілу, еденге қолды тигізу. 3-4 бастапқы қалыпқа оралу.</p> <p>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады.</p> <p>1. Оң аяқпен таяқшаны аттап, алға бір адым жасау. 2. Сол аяқты оның қасына алып келу. 3. Оң аяқпен таяқшадан аттап, артқа бір адым жасау. 4. Сол аяқпен артқа бір адым жасау.</p> <p>Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстап, жауырынға қойып тұру.</p> <p>1. Таяқшаны жоғары көтеру. 2. Оңға иілу. 3. Түзу тұру, таяқшаны жоғары көтеру. 4. Бастапқы қалып. Сол жақпен дәл солай орындалады.</p>				
Таңғы ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Отбасы» тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру.	Отбасы туралы мнемотехника бойынша тақпақ жаттау.	Отбасы туралы мақал-мәтелдер жаттау.	"Менің отбасым" тақырыбында отбасы мүшелеріне байланысты жұмбақтар жасыру.	"Отбасындағы сыйластық" тақырыбында балаларға сұрақтар қою және сұрақтарға толық жауапты талап ету.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>Сауат ашу негіздері</p> <p>"Буынға бөлейік"</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларға сөз бен буын туралы түсінік беру, сөздерді буынға бөлуді үйрету.</p> <p>Дене шынықтыру</p> <p>"Допты тез лақтырамыз". жет.жоспарымен</p> <p>Сөйлеуді дамыту</p> <p>"Біздің балабақша тақырыбында әңгімелесу".</p> <p>Мақсат-міндеттері. "Біздің балабақша" тақырыбында әңгімелесу, балабақша және балабақшадағы күн тәртібі.</p> <p>Қоршаған ортамен</p>	<p>Музыка</p> <p>"Білімің - бұлағың" жет.жоспарымен</p> <p>Математика негізі</p> <p>"Мен және менің достарым".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды сандар жолағымен таныстыру, "бір" цифрымен таныстыру.</p> <p>Көркем әдебиет</p> <p>"Ш. Шаяхметов «Білімің - бұлағың»</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балабақшаға, мектепке барған балалардың қуанышты сәттерін әңгімелеу.</p> <p>Қазақ тілі</p>	<p>Математика негіздері</p> <p>"Мен отбасымда нешіншімін?"</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларға реттік сан есімдер туралы ұғымдарын жандандыру;</p> <p>Дене шынықтыру</p> <p>"Паровоз алдыға басып барады".</p> <p>жетекші жоспарымен</p> <p>Сауат ашу негіздері</p> <p>"Сөзбен танысайық. Сөздер мен дыбыстар".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Сөз бен дыбыс туралы түсінік беру.</p>	<p>Сауат ашу негіздері</p> <p>"Сөзбен танысайық. Сөздер мен дыбыстар".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Сөз бен дыбыс туралы түсінік беру.</p> <p>Музыка</p> <p>"Оқу - білім азығы"</p> <p>Балаларды күйді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету;</p> <p>Қазақ тілі</p> <p>Дыбыстар мен әріптер.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балалармен бірге сауат ашу әлеміне саяхат жасау арқылы дыбыстар мен әріптер туралы түсінік беру.</p>	<p>Математика негіздері</p> <p>"Мен отбасымда нешіншімін?" пысықтау.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларға реттік сан есімдер туралы ұғымдарын жандандыру;</p> <p>Дене шынықтыру</p> <p>"Төрт тағандап жүріп, допты баспен итеру".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балалардың сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін және баянат (рапорт) қабылдау ережесін қалыптастыру;</p> <p>Сөйлеуді дамыту</p> <p>"Біздің балабақша</p>

	<p>таныстыру "Күз келді балабақшама!" Мақсат-міндеттері. Балалардың жанды және жансыз табиғат нысандары жөнінде негізгі ұғымдарын кеңейту;</p>	<p>"Балабақшамен танысу. Ойыншықтар әлемі". Мақсат-міндеттері. Тәрбиеленушілерді амандасу және қоштасу кезінде айтылатын сөз тіркестерімен таныстыру;</p> <p>Вариативтік компонент: Би</p>		<p>Мүсіндеу "Көмекшіміз". Мақсат-міндеттері. Балаларды тұзды қамырды жұмсарту; қамырдың үлкен кесегінен кіші кесекті үзіп алу, қамырды домалату, жалпайту. Көркем әдебиет М. Төрежанов «Қамқорлық». Мақсат-міндеттері. Қамқорлық ұғымы туралы түсінік беру, әңгімені мұқият тындауды, диалог сөздерді мәнеріне келтіріп айтуға дағдыландыру.</p> <p>Вариативтік компонент: Би</p>	<p>тақырыбында әңгімелесу" пысықтау. Мақсат-міндеттері. "Біздің балабақша" тақырыбында әңгімелесу, балабақша және балабақшадағы күн тәртібі. Қоршаған ортамен танысу "Балабақша қызметкерлерінің еңбегі". Мақсат-міндеттері. Балалардың балабақшада қызмет ететін әр мамандық иелері жайлы түсініктерін бекіту,</p>
Серуенге дайындық	Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу.				
Серуен	<p>Бақшадағы жеміс ағаштарын бақылау. Мақсат-міндеттері. Көгөністерге салыстырмалы талдау жүргізуді үйрету; еңбек тапсырмалары: бақшадағы егінді жинау. Мақсат-міндеттері. Көгөністерді қазуды үйрету; Қимыл-қозғалыс ойындары. Картотека №1 "Көгөністерді ата". Мақсаты: Көгөністердің атауларын бекітіп, допты қағып алу іскерліктерін жетілдіру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері.</p>	<p>Күзгі орманды бақылау. Мақсат-міндеттері. Діңі мен жапырақтарының түсі бойынша қайың мен көктеректі ажыратуды үйрету, ағаш бөліктері. еңбек тапсырмалары: гербарий үшін көктерек пен қайың жапырақтарын жинау. Қимыл-қозғалыс ойындары. Картотека №2 "Секірейік". Мақсат-міндеттері. Ұзындыққа секіру дағдыларын қалыптастыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері қозғалыстарды дамыту. С/рөлдік ойын.</p>	<p>Ауа райын бақылау. Мақсат-міндеттері. Өсімдіктер тіршілігінің маусымдық өзгерістері туралы білімдерін бекіту. еңбек: көгөністерді жинауға арналған ұжымдық еңбек. Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеуді үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары. Картотека №3 "Қияр, қияр". Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша әрекеттерді жылдам орындауды үйрету; Өзіндік еркін ойын әрекеттері. Мақсат-міндеттері. Қызығушылықтарына қарай</p>	<p>Торғайларды бақылау. Мақсат-міндеттері. Торғайдың ерекшеліктері, тіршілік көріністері туралы білімдерін тереңдету; қарапайым еңбек: қызылшаны жинау. Мақсат-міндеттері. Жұмыс істеуге дағдыландыру; Қимыл-қозғалыс ойындары. Картотека №4 "Құстар мен мысық", Мақсат-міндеттері. Балалардың денсаулықты сақтауға, ойынға деген құштарлықтарын дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: Мақсат-міндеттері.</p>	<p>Қайың ағашын бақылау. Мақсат-міндеттері. Қайың ағашының белгілерін атау; қарапайым еңбек тапсырмалары: көгөністерді жинау. Мақсат-міндеттері. Ұйымдасып жұмыс істеуді үйрету; топпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары. Картотека №5 "Қояндар мен қасқыр". Мақсат-міндеттері. Балалардың физикалық белсенділігін дамытуды жалғастыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері.</p>

	жүгіру техникасын жетілдіру. С/рөлдік ойын. «Біздің сүйікті балабақша» Мақсаты: балабақшаның атқаратын негізгі міндеттірмен таныстыру.	«Жас өрт сөндірушілер» Мақсаты:өрт сөндіруші мамандығы бойынша түсінік.	ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету. С/рөлдік ойын. «Автобуспен саяхатқа шығамыз» Мақсаты: балалармен бірге жұмыс жасауды үйрету.	Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құралпастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. С/рөлдік ойын. «Киім дүкені» Мақсаты: өз ойларымен ойын құрастыруды үйрету.	Мақсат-міндеттері. Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құралпастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. С/рөлдік ойын. «отбасылық дәстүрлер» Мақсаты: диалогтік сөйлеу дағдыларын дамыту.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Түскі ас	Балалардың беті-қолын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. «Үйшік» ертегісін оқып беру.	Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. «Қолғап» ертегісін оқып беру.	«Қоянның үйшігі» ертегісін оқып беру.	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйретуді жалғастыру.	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау.
Бірге-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс;				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Аквариумдағы балықтар" Мақсат-міндеттер: балаларға табиғат бұрышындағы жануарларға (балыққа) күтім жасаудың қарапайым тәсілдерін меңгерту;	Дидактикалық ойын. "Сөздер тізбегі". Мақсат-міндеттері. Балалардың сөздік қорын байыту, ой шапшаңдығын, зейінін дамыту; Сюжетті-рөлдік ойын. "Үй құрылысы". Мақсат-міндеттері. Балалардың үй құрылысына қатысатын мамандар жөнінде	Дамытушы ойын. "Қайда болғанымызды айтпаймыз, көргенімізді көрсетіп қайтамыз". Мақсат-міндеттері. Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін, дамыту. Сюжеттік-рөлдік ойын. "Дәріхана". Мақсат-міндеттері. Балалардың дәріхана	Дамытушы ойын. "Сынық телефон". Мақсат-міндеттері. Балалардың есту, түйсік, ойлау қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Сюжеттік-рөлдік ойын. "Сұлулық салоны". Мақсат-міндеттері. Балалардың сұлулық салоны қызметкерлері.	Дамытушы жаттығу. "Тыныс алуды реттеу". Мақсат-міндеттері. Балаларды санау ырғағына сай тыныс алуға жаттықтыру; Театрландырылған қойылым. "Үйшік" ертегісі. Мақсат-міндеттері. Балалардың естерінде әйгілі

		білімдерін кеңейту, тиянақтау;	қызметкерлері мамандықтары жайында ұғымдарын тиянақтау;	Сюжетті-рөлдік ойын. "Отбасы". Мақсат-міндеттері. Балалардың отбасы мүшелері жөнінде ұғымдарын нығайту;	ертегінің мазмұнын жаңғырту, есте сақтау, ой-қиялдың, эмоциялық, пантомимикалық, қатынастық қабілеттерін дамыту.
Балалармен жеке жұмыс	"Менің отбасым", отбасы тақырыбында мақал-мәтелдер айтқызу. Мақсат-міндеттері. Балалардың сөйлеу тілін дамыту;	"Отбасы" тақырыбында санамақтар айтқызу. Мақсат-міндеттері. Балалардың сөйлеу тілін дамыту.	"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.	"Отбасы" тақырыбында санамақтар айтқызу. Мақсат-міндеттері. Балалардың сөйлеу тілін дамыту.	Санамақтар айтқызу. М. Қуанышбеков "Санамақ".
Серуенге дайындық	Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.				
Серуен	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру.				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету.				
Кешкі ас	Тағамның атауын еске сақтау, тағамды ішу рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз".				
Балалардың дербес әрекеті	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; Театрлық қойылым. "Алма" ертегісі. Мақсат-міндеттері. Балалардың естеріндегі әйгілі ертегінің мазмұнын жаңғырту.	Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша, ойыншықтар тақырыбында әндер жаттау. Міндеттер. Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру.	Өнер бұрышында балабақша, ойыншық тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. Міндеттер. Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер,	Өнер бұрышында балабақша, ойыншық тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. Міндеттер. Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу.	Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша, ойыншықтар тақырыбында әндер жаттау. Музыкалық аспаптармен ойындар.
Балалардың үйге қайтуы	«Менің үйім - менің отбасым» тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу. «Отбасындағы еңбек тәрбиесі» тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу. «Айына бір рет отбасы күнін өткізу».				

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: МКҚК №46 «Балбұлақ» бөбекжайы
Топ: №14 мектепалды даярлық тобы
Балалардың жасы: 5 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 12.09 - 16.09.2022ж.
Педагогтың аты-жөні: Батырова М.К

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Балабақша ережелері», «Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыптарына әңгіме жүргізу.				
Балалардың дербес әрекеті	<p>"Өсімдіктерді құнарландыру". Мақсат-міндеттері. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатынын түсіндіру.</p>	<p>"Біз топ бөлмесі мен жатын бөлмедегі терезе алды тақтайын дымқыл шүберекпен сүртеміз". Мақсат-міндеттері. Балаларды сумен жұмыс істегенде келесі ережелерді сақтауды үйрету:</p>	<p>"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз". Мақсат-міндеттері. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам және мұқият орындау.</p>	<p>"Кітап бұрышындағы еңбек". Мақсат-міндеттері. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды, оларды мұқият желімдеуді үйрету.</p>	<p>"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Мақсат-міндеттері. Балаларда өз төсегін ұқыпты ұстау дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқаға көмектесуге ұмтылыстарын тәрбиелеу;</p>
Таңертеңгі жаттығу	<p>Балалар, енді тақтадағы суретке қарап, жаттығуларды бірге орындайық! «Би». Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқты қатар қояды, орамал ұстаған қол төменде. 1 - қолдарын жоғары көтеріп, орамалдарын желпу. 2 - бастапқы қалыпқа келу. 3 - орамалмен айналып билеу. 4 - бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>- «Биші қыз». Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқты қатар қою. 1 - қолды жоғары көтеру, бір аяқтың ұшымен тұру. 2 - бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>- «Паровоз». Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқ қатар қойылады, жұппен тұру. 1 - сызық бойымен бір-біріне қарсы жүру. 2 - сызық ортасына келгенде тарап кету. 3 - бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>- «Қарлығаш». Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқты қатар қояды, қол төменде. 1 - екі қолды екі қапталға жаю. 2 - бір аяқты артқа созу, қарлығашты бейнелеу. 3 - бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>- «Іздер». Бастапқы қалып: қол белде, аяқтың арасы сәл алшақ болады.</p>				

	<p>1 - аяқтарын біріктіріп, орындарында оң жаққа бір ізбен жүру. 2 - аяқтарын біріктіріп, орындарында сол жаққа бір ізбен жүру.</p> <p>3 - бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>- «Аққұтан». Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқ қатар қойылады, қол төменде.</p> <p>1 - бір аяқпен тұру, қолмен тізеге дейін бүгілген сол аяқты ұстау. 2 - бастапқы қалыпқа келу. 3 - бір аяқпен тұру, қолмен тізеге дейін бүгілген оң аяқты ұстау. 4 - бастапқы қалыпқа келу</p> <p>- «Достар». Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқты қатар қояды, жұппен тұрады.</p> <p>1 - жұптар қол ұтасады. 2 - жұптасып айналу. 3 - бастапқы қалыпқа келу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)</p>				
Таңғы ас	мәдени-гигиеналық шараларды пысықтау.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Жанды және жансыз табиғат туралы әңгімелесу.	Табиғат әлемі тақырыбында әңгімелесу.	"Керекті киімді тап" үстел-үсті ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға қысқы және жазғы киімдерді ажыратуды үйрету;	"Жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту	"Жәндікті ата" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың жәндіктер туралы білімдерін толықтыру.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>Сауат ашу негіздері "Сөйлеммен танысайық". Міндеттері. Балалардың біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; сурет бойынша сөйлем құрауды, байланыстыра сөйлеуді үйрету.</p> <p>Дене шынықтыру "Спорт - көркі өмірдің". жетекші жоспарымен</p> <p>Сөйлеуді дамыту "Отбасында біз бесеуміз". Міндеттері. Балаларды отбасы мүшелерімен таныстырып, баланың сөйлеу мәдениетін дамыту.</p> <p>Қоршаған ортамен таныстыру "Отбасы және туыстарым" Міндеттер. Балалардың</p>	<p>Музыка "Отанымның ертеңі" жетекші жоспарымен</p> <p>Математика негіздері "Күнтізбені қалай қолдануға болады? Мақсат-міндеттері. Балалардың уақыт, тәулік бөліктері ұғымдары туралы білімдерін бекіту;</p> <p>Көркем әдебиет "Менің сүйікті ертегім. «Ақымақ қасқыр» қазақ халқының ертегісі." Мақсат-міндеттері. Ертегіні оқып беру, мазмұнын әңгімелеуді үйрету.</p> <p>Қазақ тілі "Отбасы мүшелері". Міндеттері. Балалардың отбасы мүшелері мен туыстары туралы</p>	<p>Математика негіздері "Жұбын тап". Мақсат-міндеттері. Балалардың "екі" саны мен цифры жайлы білімдерін нақтылау;</p> <p>Дене шынықтыру "Спорт - көркі өмірдің" пысықтау. жетекші жоспарымен</p> <p>Сауат ашу негіздері "Сөйлеммен танысайық". Міндеттері. Балалардың біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; өзінің туған күнін айту;</p>	<p>Сауат ашу негіздері "Дауысты дыбыспен танысайық". Мақсат-міндеттері. Балаларға дыбыс туралы түсінік беру, дауысты, дауыссыз дыбыстардың ерекшелігі туралы түсінік беру.</p> <p>Музыка "Алтын күз" жетекші жоспарымен</p> <p>Қазақ тілі "Тіл бірліктері (буын, сөз, сөйлем). Отбасы мүшелері." Міндеттері. Өзінің аты-жөнін, тегін атау; ата-анасының, бауырлары мен әпке-сіңлілерінің есімдерін атау;</p> <p>Көркем әдебиет: «Қамқорлық» Міндеттер: балаларға бір-біріне қамқорлы болуды үйрету.</p>	<p>Математика негіздері "Ауылдағы қызықтар". Мақсат-міндеттері. Балалардың уақыт пен тәулік бөліктері туралы білімдерін кеңейту;</p> <p>Жапсыру "Менің үйім осындай" Міндеттері. Балаларға қағаз бетіне геометриялық пішіндерден үйдің дайындамаларын орналастыруды және желімдеуді үйрету.</p> <p>Сөйлеуді дамыту "Отбасында біз бесеуміз" пысықтау. Міндеттері. Балаларды отбасы мүшелерімен таныстырып, баланың тілдік қабылдау нәтижелерін, сөйлеу мәдениетін дамыту.</p> <p>Дене шынықтыру "Қанат үстімен ауыспалы қадам жасап жүру"</p>

	отбасы туралы түсініктерін тиянақтау, туыстық атауларды түсіндіру;	білімдерін дамыту және толықтыру. Вариативтік компонент: Би		Вариативтік компонент: Би	Мақсат-міндеттері. Балаларға қанат үстімен ауыспалы қадаммен жүруді үйрету; баянат (рапорт) қабылдау ережесіне дағдыландыру. Қоршаған ортамен таныстыру "Саяхатшы балалар". Мақсат-міндеттері. Балалардың қоршаған табиғат туралы өрісін кеңейту;
Серуенге дайындық	Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу.				
